

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance .....	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Эз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер .....	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы .....	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks .....	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері .....	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер .....	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence» .....	69

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі .....	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы .....	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова .....	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән .....	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality .....	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты .....	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзіпа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау .....	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты .....	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы ....	181

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту .....	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау .....	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде .....	211

М.Е. ӘДІЛОВ 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан

(e-mail: [marlenadilov88@gmail.com](mailto:marlenadilov88@gmail.com))

## \*ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР АҚША АТАУЛАРЫНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ МЕН БАСТАПҚЫ МАҒЫНАСЫ

**Аңдатпа.** Қазақ тілінде «ақша» мағынасын білдіретін немесе валюта атауы ретінде қолданылған көптеген сөздер болған. Сондай ақша атауларының ішінде алтын, күміс, ақша, теңге, тиын сөздері осы күнге дейін актив лексика қатарында белсенді сөздер ретінде қолданылып келеді. Бірақ алтын мен күміс сөздерінің валюталық мағынасы ұмытылып, тек бағалы металдың семантикасы сақталған. Теңге болса көнеден келе жатқан тарихи сөз 1993 жылы ұлттық валюта ретінде таңдалғаннан кейін тілдің белсенді айналымына қайта кірді. Пұл, сом, манат, бақыр, шақа, жармақ, жамбы, қойтұяқ, тайтұяқ, аққұйрық, күреш деген қаржы терминдері историзмге айналды. Соның ішінде бақыр және жамбы атаулары жаңа әрі туынды мағыналарға ие болды. Пұл, бақыр, сом атаулары бертін келе қолданыстан ығыса бастаса да, сом сөзін теңгенің орнына әлі де айтатындар кездеседі. Пұл болса айыппұл секілді жаңа терминдердің құрамында айтылып, тіл айналымына қайта кіре бастады. Ақша атауларының ішінде динар, ділдә, дирхам сияқты араб-парсы тілдерінен ауысқан кірме сөздер де қазақ даласында қолданылған. Олардың өзі ақша бірліктері ретінде қолданыстан шыққанмен, Динара, Ділдә, Манат кісі есімдерінде сақталған. Мақалада аталған ақша атауларының ішінде Абай мен Шәкәрім шығармаларында кездесетін әрі түркі тілдерінде пайдаланылатын теңге, тиын, ақша, сом, бақыр, пұл, шақа, ділдә терминдерінің қолданыс тарихы, қазіргі семантикалық сипаты мен шығу тегі көне немесе орта ғасыр түркі жазба мұралары және туыстас әрі туыс емес тілдердің деректері негізінде талданады.

**Түйін сөздер:** Абай, Шәкәрім, ақша атаулары, сом, бақыр, теңге, тиын, пұл, шақа.

**Кіріспе.** Қазақ даласында әр дәуірде ақша, шақа, бақыр, жармақ, теңге, динар, дирхам, пұл, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ, алтын, күміс тиын, ділдә, сом және т.б. әртүрлі ақша атаулары болғаны тарихтан аян. Тіпті, жамбы ату немесе теңге ілу сияқты ұлттық ойын атаулары осы ақша ұғымымен байланысты. Ақшаға байланысты сөздер мақал-мәтелдер де сақталған, мысалы: Теңге тиыннан, ынтымақ ұйымнан; Пісте қабығы шөнге болмайды, сары шақа теңге болмайды; Теңгелі жерде теңдік жоқ; Бармаған жерде бақыр бар; Білікті кісі – баға жетпес алтын, біліксіз кісі – бес тиын бақыр; Пұлыңа табылса тегіндей қуан; Мың ділдә: бардың қалтасында, жоқтың аузында; Қалтасында тиын жоқ түйенің тісін санайды, т.б. Қазақ мақалдары көненің көзі десек, ақша түрлерінің түгелі қазақ даласында ежелден шығарылып қолданылғанын білдіреді. Жоғарыда аталған ақша атаулары тарихтың әртүрлі кезеңдерінде түрліше аталып келді. Ежелгі түркі дәуірінде ағы, ақша, алтын, күміс, бақыр, жармақ сияқты металл ақшалар қолданылған. Орта ғасырларда теңге, динар, дирхам, пұл деген бірліктер шығып, кейінгі кезеңдерде де тиын, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ, алтын, күміс тиын, ділдә, сом және теңге жұмсала бастады.

Көне түркілер йастук, сатыр, бақыр, йармақ, т.б. секілді төл атау монета ақшалардан бөлек төлем құралы ретінде жануарлардың бағалы терілері, қымбат маталар бөз, жібекті

\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР13268734: «Абай және Шәкәрім тіліндегі көнерген сөздердің семантикасы және түп-негізі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

пайдаланған. Ал көне ұйғырлар ақша орнына жұмсалған матаны қуанпо деген, ал қағаз ақшаны чау [1, 154], – деп атағандары тарихтан белгілі. Қуанпо жібек ақшасы Диуани лұғатит түрkte камду түрінде кездеседі, Махмұт Қашқари «мата бөлігі» деген анықтама беріп, «оған ұйғыр ханының мөрі басылады да саудада қолданылады» деп жазады [2, 181]. Қағаз ақша чау қытайша (ch'ao) дегеннен келген және тек көне ұйғыр жазбаларында кездеседі [3, 73].

Түркі далаларының кен мен металдарға бай болуы, олардың ежелден осы кәсіпті меңгергенін, ақшаны о баста алтыннан бастап мысқа дейінгі металдан, тіпті теріден, матадан да жасағаны өте ерте дәуірден бастау алғаны тарихтан белгілі. Ежелгі түркі қалаларында ақша шығару ісі қолға алынып, сауда қарқынды жүрді. Ұлы Жібек жолының өзі Қазақстан мен Орта Азиядан өтуі соның айқын дәлелі болса керек. Тараз, Алмалық, Яссы, Отырар, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, т.б. қалалары сауда орталықтары ретінде дамыды. Тіпті Астана тұсындағы Бозоқ қаласының солтүстік сауда жолының бір торабы болғандығы айтылады. Қаржы, экономика, сауда, салыққа байланысты көнерген сөздердің көп болуы соның бір айғағы бола алады. Төменде қаржы атауларының ішінде ақшаға байланысты сөздер талданады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада Абай және Шәкәрім шығармаларында кездескен жекелеген ақша атауларының түп-төркіні, бастапқы мағынасы көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері және туыс емес тілдер материалдары негізінде талданды. Лингвистикалық анализдерде негізінен салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жекелеген атаулардың түбірі мен мағынасы ажыратылғанда морфемдік әрі семантикалық талдауға жүгінілді. Араб, парсы тілдерінің түсіндірме сөздіктерімен бірге қазіргі түркі тілдерінің жеке сөздіктері қарастырылды. Тақырып этимологияға байланысты болғандықтан, орыс, қазақ және түрік тіліндегі этимологиялық әдебиеттер басшылыққа алынды. Ақын өлеңдерінен сөздер жеке-жеке теріліп оларға фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасалды. Ғалымдардың қаржы атаулары және ақшаның тарихына байланысты ғылыми тұжырымдары жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау әдістері арқылы көрсетілді.

Қазақ даласы көне тиындар мен ақшаларға бай болғанмен нумизматика саласы кең таралмаған, десек те тарих, археология жағынан белгілі бір зерттеулер бар болғанмен нумизматиканың лингвистикалық жағынан дамуы кенжелеп қалған. Қазақ тіл білімі кітаптарында сауда-саттыққа байланысты сөздер деп жіктелгені болмаса, түркі қаржы-экономика лексикасы, сауда-саттыққа байланысты атаулардың тарихы, қазақ тіліндегі қаржы сөздерінің этимологиясы, әсіресе ақша атауларының төркіні деген тақырып ауқымды зерттелмеген. Қазақ тіліндегі сөз төркінін зерттеген Р. Сыздық, Ә. Қайдар, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Ә. Нұрмағамбетов, Ш. Сарыбаев, Ә. Құрысжанов, А. Махмудов, А. Абрахманов, Е. Жанпейісов, Б. Сүлейменова, Г. Жәркешова, Н. Қарашева, т.б. еңбектерінде талданған 2000-ға жуық сөздердің ішінде кейбір қаржы атауларының шығу тегі берілген. Тікелей ақша атауларына қатыстыға келсек, М. Әділовтің «Қазақ тіліндегі тиын сөзінің төркіні» атты мақаласында әлем тілдеріндегі ұқсас құбылыстардың негізінде тиын мен тиін атауларының түбі бір екендігі түсіндірілді [4, 89]. Көне түркі ескерткіштерінің тілін зерттеуші Е. Аудып бір мақаласында Білге қаған ескерткішінде қолданылған көк тиін (тиын) тіркесінің тілдік тарихын талдаған. Ұ. Алжанбаеваның «Славян тілдеріндегі түркізмдердің зерттелу тарихы» деген мақалада теңге мен денгидің байланысы және көне русьте қолданылған алтынник қолданысы талданған. Жалпы орыс тіліндегі кірме сөздерге байланысты талдауларда алтын сөзіне жиі тоқталады. Оның түбі алтын ақша мағынасында емес алты тиын деген сөздер қысқарғанын И. Спасский «Алтын в русской денежной системе және В. Янин «Алтын и его место в русских денежных системах XIV-XV вв» атты зерттеулерінде дәлелдейді. Ресейдегі зерттеулерде тек ақша атауларына ғана емес қаржы-экономика тақырыбына жанама қатысты мақалалар да жеке жазылған, мысалы, А. Самойловичтің «Богатый и бедный в тюркских языках» атты зерттеу жазбасында түркі тілдеріндегі шығай, жарлы, бай, кедей секілді сөздері салыстырмалы-тарихи әдіспен



талданған. Бұдан бөлек, жалпы нумизматикаға қатысты тарихи зерттеулерде де түркі валюталарының шығу тарихи баяндалады. Сондай еңбектердің ішінде А. Мухамадиевтің «Булгаро-татарская монетная система в XII-XV вв», В. Потиннің «Монеты. Клады. Коллекции: Очерки нумизматики» И. Спасскийдің «Русская монетная система: Историко-нумизматический очерк» кітаптары құнды.

Көне түркі қағанаттарындағы тиын ақшалардың тарихын ең алғаш 1890 жылдарда нумизмат Эдмонд Дюруэеннің «Тұран монеталары» атты жұмысынан басталады деп айтылады. Э. Дюруэн мен Отто Доннер Енисей маңайларынан табылған және Минусинск мұражайында сақталған Қытай монетасы туралы зерттеулерін жалғастырады, тиынның алдыңғы жағында қытайша жазылса, ал артқы жағында руникалық әріптермен жазылған мәтін бар. Руникалық жазбалар сол кезеңде әлі де құпия болғандықтан, ондағы жазу оқылмай қала береді. Монеталардың артындағы руна жазуын ең алғаш рет В. Радлов оқып шықты. Содан кейін Ряснен, сосын Шербактар оқыған [3, 9].

Түркиядағы докторантура түлегі ретінде сол елдегі қаржы сөздерің тіліне қатысты зерттелген ғылыми жұмыстар туралы ерекшелеп айтуға болады. Түркиялық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қаржы-экономикамен байланысты сөздер түркологиялық бағытта талданады. 1934 жылдағы А. Жафороғлудың «Uygurlarda Hukuk ve Maliye Istilahları (Көне ұйғырларда құқық және қаржы терминдері)» мақаласынан бастап осы күнге дейін түркі халықтары мен көне түркі жазба мұраларында кездесетін қаржы атаулары жеке зерттеледі. Бертін келе 2016 жылы Г. Гүнер «Eski Türkler çek yazar mıydı?» мақаласында сауда-саттық байланысты сөздердің тарихымен бірге түркілердегі саудада «есепшот» беру дәстүрін талдайды. Түрік зерттеулерінде көбіне жазба ескерткіштердегі лексикалық қорларды тақырыптарына бөліп, диссертация немесе мақалалар жазу жолға қойылған. Сондай жұмыстардың бірі «Kutadgu Bilig'in Türk maliye tarihi açısından önemi» деп аталады. Автор Р. Темел Құтты біліктегі қаржы терминдерін талдай отырып, ескерткіштің түркі қаржы тарихы жағынан маңыздылығына тоқталады. Бірнеше автор жазған «Kutadgu Bilig'de ticari hayat ile ilgili beyitler ve güncel yorumu» мақаласында Құтты біліктегі саудамен байланысты бәйіттердің қазіргі заман тұрғыдан сипатталуы көрсетілген. Сондай еңбектің бірі Ш. Калафаттың «Kutadgu Bilig'de geçen bazı hesap terimleri» атты жұмыста ескерткіштегі есеп және қаржымен байланысты терминдер анықталған.

Мақалалардан бөлек, кітаптар да жарық көрген. О. Серткая мен Р. Алимовтың 2006 жылы баспа бетін көрген «Eski Türklerde Para» атты монографияда көне түркі ескерткіштеріндегі ақша атаулары жеке тақырып болып зерттелген. М. Өзйетгин 2004 жылы «Eski Türk Vergi Terimleri» деген кітапты шығарады, мұнда көне және ортағасыр түркі жазба ескерткіштерінде, әсіресе қыпшақ мұраларында кездесетін салық терминдерінің қолданысы берілген. Г. Кырды «Eski Türkçe kaynaklarda geçen iktisadi kelime ve kavramlar» атты магистрлік диссертациясында 200-ге жуық түркі экономикалық өміріне қатысты сөздер мен ұғымдарды ескерткіштерден тауып, сөйлем немесе өлеңдегі мысалымен бірге көрсеткен.

Ақша атауларына қатысты жекелеген мақалалар жазылған, М. Өзйетгиннің «Eski Türklerde Ödeme Araçları: Kâğıt Para Çav'ın Kullanımı (Көне түркілерде төлем құралдары: қағаз ақша чав-дың қолданысы)» атты мақаласы соның дәлелі бола алады. Х. Шириннің 2004 жылғы «Türkçede Para ve Para Birimi» деп аталатын мақаласында көне түркі және ортағасыр жазба мұраларында қолданылған ақша атауларының этимологиясы берілген.

Көрші түркі халықтары ғалымдарының ішінде өзбек ғалымы Г. Бабаяровтың көне түркі монеталарының тарихына байланысты кітаптары құнды. Ғалым еңбектерінде көне түркі тиындарындағы жазулар мен суреттердің мән-мағынасын ашып, олардың жазылу тарихы мен жазудың түркілерге тән екенін дәлелдейді [5, 8].

**Талқылау мен бақылау.** Қазіргі күні жеке атау ретінде қолданыстан шыға бастаған пұл сөзін Абай жиі қолданған. Ескі әдебиеттерде жиі кездесетін қаржы терминдерінің бірі болған пұл сөзінің негізгі мағынасы – «ақша». Сөздің өзі Аймақтық сөздікте диалектизм ретінде көрсетілсе де тілімізде ақы-пұлсыз «тегін», ақы-пұл «ақша», мал-пұл «дүние»,

дүние-пұл «қаражат» қос сөздерінде үлеспұл, өтемпұл, өсімпұл, жарнапұл секілді экономикалық жаңа терминдердің құрамында айтылады. Күнделікті өмірде жиі айтылатын айыппұл, шай-пұл, жөргекпұл жаңа атауларының құрамында да қолданылады.

Пұл сөзі тарихи дәуірлерден Алтынорда мемлекетінде ең төменгі ақша құны яғни тиын валютасы ретінде қолданылған. Ал жеке сөз ретінде ерте орта ғасырлардан бері түркі жазба мұраларында кездеседі, мәселен, Қарахан дәуірі жазба жәдігерлері Атебетұл хақайық пен Диуани хикметте пұл «ақша» дегенді білдірген. Мәмлүк қыпшақ жазба мұраларында бұл/пұл деген екі нұсқасында және «ұсақ тиын ақша» деген мағынада жұмсалған.

Қазақ тілінде де сондай ұсақ мыс ақша «бақыр, жармақ, шақа» мағыналарында және жалпы ақша семантикасында жұмсалған. Оны Арзанның пұлы татымайды; Пұлыңа табылса тегіндей қуан; Ер белгісі – құнында, зер белгісі – пұлында; Жорға жүрісінен пұл болады, Жаман жүрісінен құл болады, Атадан пұл қалғанша, ұл қалсын мақалдарынан да аңғарамыз.

Пұл сөзі (кейде бұл нұсқасында) Абайда да жиі кездеседі:

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан /Тәтті, дәмді іздер ең онан да арман.

Өз бұлыңмен халің жоқ күнде тояр /Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Пұл үшін қызықпассың, сен де бір ер /Сені маған кез қылған пәруардигер [6, 317].

«Осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітаптың бетінен оқып іздеген талап емес» (44-қара сөз).

Тіпті Медғат Қасым поэмасында құн-пұл қос сөз болып жұмсалған:

Ақырып Медғат жиды ол бар құлын /Асыпты әлін білмей, деді зұлым.

Насосқа Қасым итті отыртыңдар /Бергенмін, деп сөйлейді құнын-пұлын.

Абай тіпті осы атауға етістік тудырушы жұрнақ қосып, бұлдау «сату», – деген туынды етістікті пайдаланады:

Алдадым, ұрдым, қырдым деп /Шалықтап, шалқып, шатпай ма?

Қапысын аңдып тұрдым деп /Қулығын бұлдап сатпай ма? [6, 210].

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер / Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер.

Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам «ілімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады... Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатын, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі (6-қара сөз).

Шәкәрімнің өлеңдерінде де пұл сөзінің «ақша» мағынасы аңғарылады:

Әлемнің қызығын, тойын/ Бағын, тағын, пұлын, қойын /Талақ болсын көзіме ілсем.

Оған тағы құл болдық /Сатылған мал мен пұл болдық [7].

Абай мен Шәкәрімде бұл/пұл мата түрі ретінде де қолданылады:

Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер /Диханшылар жер жыртып, егін егер.

Бұл құрап, киім түзеп, қарны тойған / Қағазға өрнек жасап, сурет ойған [6, 322].

Матайдан ел жиылып құн сұраған /Жасау мен қыздан қалған пұл сұраған.

Пұл асылы табылса, колға алалық /Кісі емес ескерусіз бос қаларлық .

Киімі қымбат екен деп / Ешкім сенен ықты ма?

Пұлды киім борыш боп /Алқымыңнан сықты ма? [7].

Енді пұлдың «ақша» мағынасы матадан келді ме, әлде мата атауы ақша мағынасынан ауысты ма деген сұраққа келсек, бізше тиын деген мағынасынан барып ауысқан секілді, өйткені ол сөздің ең көне мағынасы «тиын ақша» екендігі айтылады. Сонымен бірге түркі тілдері мен ескерткіштерінде оның мата деген мағынасы кездеспейді. Диалектолог ғалым Ж. Досқараев Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында бұл сөзі «мата, кездеме» мәнінде айтылатынын жазған [8, 101]. Соған қарағанда оның мата түрі мағынасы бүкіл әдеби тілге емес, говорға тән ерекшелік болса керек, сол форманы ақындар өздерінің өңірлеріндегі қолданысына қарап пайдаланған секілді.

Қазақ тілінде ерте дәуірлерден қолданыла келіп, бүгінгі күні белсенді емес сөзге айналған, бірақ жаңа терминдерге ретінде қайта қолданысқа кіре бастаған пұл сөзі түркі тілдерінде де кең таралған сөздердің бірі. Әсіресе өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз, әзербайжан, түрікмен тілдерінде біздегі «ақша» сөзі сияқты актив сөз болып қолданылады.

**Ділде** терминдік атауы да бұрынғы «алтын ақша» мағынасындағы сөзден шыққан. Негізі ділде бұрын парсы тілінде ресми валюта (бес күміске тең алтын жалатылған тиын) болған. Қазақ қызының Ділде есімі де осы иран тіліндегі «алтын ақша, алтын» мағынасынан шыққан. Қыз есімінен бөлек Ділдәбек, Ділдәбай, Қабділде, Ділдәхан, Әбділде тәрізді кісі есімдерінің құрамында кездеседі. Оңдасынов Ділде есімін парсы тіліндегі тила «алтын» сөзімен байланыстырған [9, 328]. Бірақ бұл сөздің алғашқы мағынасы араб тілінде *الط* тилаа «күмісті жалатуға арналған сұйық алтын» болған. Өзбек тілінде де тилла сөзі бастапқы мағынасына жақын, мысалы: тилла тиш «алтын жалатылған тіс»; тилла суви «алтын бояу». Түркі тілдерінің біразында «алтын жалатылған күміс тиын» деген мағынада қолданылып, кейін келе «алтын ақша» немесе «алтын» деген мағынаға ауысқан.

Ділде атауы қазақ тілінде төбесінен ділде құйды «үлде мен бұлдеге орап, баптап күтті» деген тұрақты тіркес күйінде де айтылады. «Көп ақша» мағынасында мың ділда немесе мың ділдалық деген тіркес түрінде де қолданылады.

Ділде сөзінің қазақ тілінде ертерек кезеңдерден бері қолданылып жүргенін Абай мен Шәкәрім өлеңдерінде кездесетінінен аңғарамыз:

Сен мына бір ішінде /Ділдәсі бар дорбаны ал!

Бірін алсаң, және бір /Ділде дайын, қолың сал [6, 393].

Ел жалынды ата мен анасына / «Көп мал ал» деп баланың бағасына».

Жүз мың ділде алды да, кедей сатты / «Шыдадым» деп баланың қазасына».

Үш мың үш жүз ділдаға кетті сатып /Шешесіне ап келді таңырқатып [7].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **бақыр** сөзіне «мыс; мыстан жасалған ұсақ тиын; мыстан жасалған шелек; тамақ дайындауға арналған, түбі шұңғылдау, қысқа сапты ыдыс» деген анықтама берілген. Аймақтық сөздікте болса ол сөз жергілікті ерекшелік деп тіркеліп, әр өңірден бес түрлі мағынасын келтірген: Бақыр 1. «шелек»; 2. «қаңылтыр»; 3. «бақыраш, үлкен ожау»; 4. «үлкен қазан»; 5. «ұсақ тиын». Негізі бақырдың алғашқы әрі кең таралған мағынасы «мыс тиын» екендігі белгілі. Бақыр сөзінің «тиын, бақыр ақша» мағынасында көне замандардан бері қолданылып келе жатқан төл сөз екенін қазақ мақал-мәтелдерінен де аңғарамыз: Бармаған жерде бақыр бар. Білікті кісі – баға жетпес алтын, біліксіз кісі – бес тиын бақыр. Пәлен жерде алтын бар /Іздеп барсаң бақыр да жоқ. Ақыл болса, бақыр табылар [10, 82].

Абайдың Әзім әңгімесі шығармасында бақыр сөзі «мыс тиын» мағынасында кездеседі:

Апар да мыс бақырды алдына сал /Алтын болса, болады бірталай мал.

Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр /Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал... Мыс бақырын қолына алды-дағы /Лапкеге күндегіден ерте барды (Әзім әңгімесі).

Көне түркі жазба мұралары деректеріне жүгінер болсақ, оның Абайдағыдай о баста «бақыр ақша, мыс тиын» мәнінде ғана жұмсалғанын көреміз: Көне ұйғыр жазулы мұраларында бақыр «мыс ақша, тиын; ақша орнына қолданылған металл». Қарахан дәуірінің ең құнды жәдігері Диуани лұғатит түрkte бақыр «Қытайда қолданылатын ақша; тиын түрі» деп берілген. Төмендегі мақалда айтылатыны жазылған: Бар бақыр, йоқ алтун «Бар тиын жоқ алтыннан жақсы» [2, 571]. Орта ғасырдан бастап оның «мыс» мағынасында жұмсала бастағанын көруге болады, мәселен тарихи қыпшақ мұраларында бақыр сөзі «мыс» [11, 91] дегенді білдіреді.

Қазіргі түркі тілдеріне келсек, көбіне «мыс, жез (немесе осы металдан жасалған шелек, ожау)» мәнінде айтылады. Негізінен, қыпшақ, қарлұқ, оғыз тілдерінде жұмсалады, көне мыс тиын мағынасының өзгергені де аңғарылады.

Рясянен бақырды парсы тіліндегі баһыр сөзімен байланысты көреді, яғни оны кірме сөздердің қатарына жатқызады. Ал Рамстедт қалмақ тіліндегі бәкир «кішкене қазан» сөзін тюркизм деп атап көрсетіп, оның моңғол тілдерінде қолданылуынан оның иранизм екеніне күмәнмен қараған. Севортян бастаған ғалымдар дайындаған Этимологиялық сөздікте бақыр сөзінің бақ-/бағ- етістігіне «-ыр» жұрнағының жалғануы арқылы жасалғаны алға тартылады, дәлел ретінде қарашай-малқар тіліндегі бақ- «кең байыту, балқыту» етістігі

көрсетілген. Бақыр сөзі Шығыс Еуропадағы тілдерге де түркі тілдерінен өткені байқалады, мысалы: болгар т. бакер «мыс», бакрач «бақыраш»; серб т. бакар «мыс», бакра «бақыраш», албан т. бакер «мыс», паграч «бақыраш» тілдеріне де кіргені анықталды [12, 46].

**Сом** атауы «жүз тиынға тең ақша, рубль сөзінің қазақша баламасы» ретінде қолданылып, қазіргі кезде қолданыстан ығысып жатқан сөздердің бірі. Оның алғашқы мағынасы «тұтас, кесек, құйма» болып, «рубль» мағынасына орыс тіліндегі семантикасына ұқсатып ауысқан болу керек. Қазақ тілінде бұл сөз, Зорсынғанға Алла бар /Сом темірге балға бар дегендей сом алтын, сом темір деген тіркестерде де сақталған. Соған қарағанда бұл рубль орнына келген жаңа сөз емес, ерте кезеңдерден бері қолданылып келе жатқан көне сөзіміз болса керек. Тіпті Абай мен Шәкәрімде де аталған атау кездеседі:

Тіленіп, телміріп ізденер /Тиын ба яки бір сом ба? [6].

Маған бітсе осы мал /Жанымды неге қыстар ем?

Мың теңгені бір сомдай /Қызығыма ұстар ем.

Паралап ол ұлықты алған /Сомына сом өсім салған [7].

Қазіргі түркі тілдерінің біразында сом «жүз тиынға тең ақша», яғни рубльдің балама атауы ретінде айтылған және бұрынғы Кеңес одағы мүше елдері немесе автономияларында қолданылып та келеді.

Рясянен сом сөзінің чуваш тіліндегі «сан, есеп» деген мағынасынан оның «сан» тұлғасынан келуі мүмкін деген пікірді алға тартады. Бірақ санның чуваш тілінде сом деп өзгерілуі оның сол тілден біздің тілдерге кіргеніне дәлел бола алмайды. Кейбір ғалымдар сом-ды латын тіліндегі сумма/сомма тұлғасымен байланысты келтіреді. Семантикалық дәлел ретінде шет тіліндегі манет/монетаның түркі тілдеріне манат боп кіруін көрсетеді. Бұл жерде де сумманың қазақ тілінде сома «белгілі бір мөлшердегі қаражат» сомалы «ақшалы, бай» деген тұлғалар сом емес, орыс тіліндегі сумма-дан келген. Оның сомға еш қатысы жоқ екені анық.

Бартольд ортағасырдағы еуропалық көпестің сөзін дәлел ретінде келтіріп, сом сөзінің түркі-татар далаларында алтын немесе күміс кесегі, құймасы мағынасында ақша орнына жұмсалғанын алға тартады [12, 327]. Соған қарағанда сом сөзі «алтын немесе күмістің құймасы, сомы, кесегі, тазасы (алтынның)» мағынасындағы сом (сом алтын) сөзімен байланысты. Сом ең бірінші «шағын, тығыз, тұтас» мағынасынан алдымен «металдың құймасы, кесегі» кейінірек «сом, рубль» мәніне ауысқан. Көне түркі жазба мұраларынан Диуани лұғатит түрkte сун деген тұлғада әрі алтын сөзімен тіркес түрінде жазылған сун алтун «кесек алтын». Қазіргі түркі тілдері мен көне түркі жазба мұралары деректерінен де сол көне мағынасы аңғарылады және оның бұрынғы заманнан сом алтын тіркес күйінде жазылғаны байқалады: құмық тілінде сом алтын «саф алтын» тіркес күйінде ғана айтылады; қырғыз т. сом «өңделмеген метал кесегі»: сом темир «үлкен кесек темір»; сом күмүш «таза күміс»; қарақалпақ т. сом «кесек»; сом алтын «саф алтын», сом темир «темір бөлігі»; түрік т. som «тығыз, шағын; құйма, кесек, таза, қоспасыз».

**Шақа** «металл ақша, ұсақ тиын, қара бақыр». Шақа сөзінің әдеби тілде белсенді жұмсалмай көбіне көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде айтылатыны аңғарылады:

Алшылы-шік болғанның жолы болса /Біз мойынды бұрмаймыз шақасына.

Қысқа күнде қырық құран соқса дағы /Үлкендер тұра ма екен батасына [7].

Шақаның бақыр ақша, уақ тиын мағынасындағы сөз екенін келесі мақалдан да аңғарамыз:

Пісте қабығы шөңге болмайды /Сары шақа теңге болмайды [10, 257].

Бұл сөз қазақ говорларында да жұмсалатыны аян.

Қырғыз тілінде чака сөзі қазақ тіліндегідей мағынаға ие: чака «ұсақ бақыр ақша»: чака бул/қызыл чака «ұсақ тиын ақша»; жети чака карзым жоқ (фраз.) «жеті тиын қарызым да жоқ»; кара чака «қара шақа, көк тиын».

Шақа сөзінің «ұсақ тиын» деген мағынасы «жүні жетілмеген балапан, төл, жаңа туған, нәресте» дегенді білдіретін шақа (қызыл шақа «жап-жас, әлі өсіп жетілмеген, нәресте»;

шақалақ «нәресте») және бала-шаға қос сөзіндегі «бала» мәніндегі шаға тұлғасымен байланысты болса керек [13, 161].

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде түрікмен мен әзербайжан тілдерінде осы мағыналарында ғана айтылады, мысалы: түрікмен т. чаға «бала»; чаға-чуға «бала-шаға»; Бидөветиң чағасы асмандаки айы дилэр (мақал) «Байдың ерке баласы аспандағы айды тілейді»; әзербайжан т. чаға «бөпе, нәресте, шақалақ». Өзбек тілінде чақалоқ «нәресте» деген туынды нұсқасындай айтылады. Басқа тілдерде тек бала-шаға қос сөзінде ғана жұмсалады.

**Теңге** – Қазақстанның ұлттық валютасы ретінде пұл, сом, алтын сөздерінің арасынан бекер таңдалмады. Өйткені теңге атауы көне заманнан бері қазақ даласында қолданылып келеді, бергі кезеңнің өзінде «сом, ақша, күміс тиын, жиырма тиын» деген мағынада айтылған. Соның ішінде түркі тілдерінде кең таралған семантикасы – «жиырма тиынға тең күміс монета». Абайдың аударма шығармасында да «күміс тиын» деген мағынасы аңғарылады:

Кердең басып шіркеуге жақын барды /Қалтадан бір теңгелік күміс алды....

Берің бірдей таласпай, бөліп ал, деп /Бір теңгелік күмісті лақтырды [6].

Зерттеушілер теңге сөзінің Алтынорда дәуірінде Русь еліне деньга болып өткенін алға тартады. Ал түбіріне қатысты этимологтар түрлі тұжырымдармен анықтайды. Миклошич пен Френ тамга (таңба) сөзімен байланыстырған болса, Радлов «дөңгелек, төңірек» мағынасындағы теңерек-ке қатысты деп түсіндіреді. Добродомов теңге-ні тиын сөзімен төркіндес деп жорамалдайды. Ряснен осы тұжырымға жақын ой білдіріп, оны манчур тілінде қолданылатын «бұлғын» мағынасындағы денке атауымен төркіндес көрген. Дегенмен, Гераклеид, Хорн, Мюнкачи, Егоров, Ахметянов секілді лингвист ғалымдар теңге-ні парсының дан/данаг (дән/дәнек) сөзімен байланыстырғандары дәлелді қажет етеді [12]. Алтай, чуваш, тіпті моңғол тілінде, сонымен бірге манчур тілдерінде «күміс тиын» деген мағыналарда сақталғаны оның кірме элемент екенін жоққа шығарады. Бізше ол Радлов айтқандай «дөңгелек» мағынасындағы теңерек (төңірек) сөзімен төркіндес болса керек, өйткені теңгенің өзі дөңгелек монета түрінде болады, ол оның өзі тең деген түбіріне апарарды. Екінші жағынан, алтай тілдер тобындағы «тиін, бұлғын» деңке-мен бір екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Өйткені тиін жануарының терісі ақша орнына қолданылғаны тарихтан белгілі және теңгенің көне және актив мағынасы тиын дегенге келеді. Теңге қазіргі түркі тілдері арасында қарақалпақ, қырғыз, татар мен башқұрт тілдерінде, сонымен қатар өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдерінде «сом, ақша, жиырма тиын, монета, күміс тиын» тіпті «балық қабыршағы» деген мағыналарда қолданылады.

**Тиын** қаржылық терминінің «ұсақ металл ақша, Қазақстандағы ең кіші валюталық бірлік» деген мағынасы белгілі. Осы валюталық мағынасы «Теңге тиыннан құралар» деген мақалда да байқалады. Тиын атауы тілде «ақша» деген жалпы мағынаға да ауысқан болу керек, мысалы: Тиын бар ма? Көк тиын да жоқ! Тиыншыл адам деген ауызекі тілдегі тіркесте сол мағынасы аңғарылады. Абайда да сол мәні көрінеді:

Құрбыңның қызық дегенін /Сөз екен деп ап шықпа.

Адалдан тапқан тиынды /Сал да сақта қапшыққа [6].

Әрине тіліміздегі «монета ақша» семантикасы да өлеңдерде табылады:

Ұялғаннан тастаған бір мыс тиын /Аш кедейге ол-дағы қымбат бұйым

Көп қайыршы бір-бірін кимелейді /Бір тиынға таласып үймелейді [6].

Шәкәрімнің өлеңінде де соңғы семасында жұмсалады:

Жоқтық, барлық, жоғалмақ – араласы /Үш еріксіз болады мағынасы.

Нажағайдай жарқ егіп өшпек болса /Өмірдің он тиындық жоқ бағасы [7].

Тиынға ұқсайтын тиін деген де бар, екеуі ұқсас сөздер болса да, мағына жағынан бір-біріне қарама-қарсы айтылады, дегенмен тиын мен тиін негізі екеуі бір сөз. Бұрын тек тиін сөзі ғана болған. Ал тиын валюталық термині соған ұқсатып кейін пайда болған. Басында тиін терісін көне түркілер ақша құралы ретінде пайдаланған. Орхон өзені аймағында табылған Білге қаған ескерткішінде Көк тейеңин түрүкмен бодунума қазғаны биртим «Көк тиінін түрігіме, халқыма алып бердім» деген сөйлем бар.

Қытай деректерінде де жазылғандай, көне түркілер сауда құралы ретінде жібек, жылқы, бұлғын және тиін терілерін пайдаланған. Осылайша тиін атауы «ақша, тиын» деген жалпы мағынасына кейінірек ауысқан.

Жануар терісінің ақша мәніне ауысуы басқа тілдер де байқалады, мәселен, ежелгі орыс тілінде ақша атауларының кейбірі жануар атауымен байланысты екендігі көрінеді. Көне орыс және славян тілдеріндегі қуна ақша бірлігінің куница деген жануардың терісімен байланысты екендігін жоққа шығара алмаймыз. Хорватияның ұлттық валютасы қуна да осыдан шыққан екен. Тіпті біз ауызекі тілде доллар мағынасында айтатын бакс сөзі ағылшын тіліндегі buckskin «бұғы терісі» дегеннен келді деп жорамалдайды.

Сайып келгенде, қазіргі тиын сөзі тиін аңымен тікелей байланысты екендігінде күмән жоқ. Бұрынғы заманда тиін жануарының терісі ақша орнына қолданыла келіп, артынан ақша, монета» деген жалпы мағынаға ауысқан. Тілдегі қалыптасқан мағынасынан кейін «ең кіші валюталық бірлік» деген терминдік мағынасы жасалған. «Тиін және оның бағалы терісі» мағынасындағы тиін сөзі түркі тілдерінде де «тиын, ақша» мағыналарына ауысқан. Ол ауысу да тиын терісінің өте ерте кезеңдерден «сауда құралы, ақша орнына жұмсалған бағалы тері» ретінде қолдануымен байланысты.

Ақша «ақша; тиын; күміс, алтын ақша; қаржы, қаражат; сауда-саттық тауар құнының өлшеуіші болатын құнды қағаз»:

Өркімнің өзі іздеген нәрсесі бар/Сомалап ақшасына сонан алар.

Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар /Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

Аз ақшаға жалданып /Өнбес іске алданып,

Сатып алма, сөз сатса /Ол асылды аңдамас.

Біләткәнің байы ақша /Ер жақсысын таңдамас [6].

Аямай ақшасын /Оқысын азамат

Еш бөгет қақпасын /Жасасын саламат [7].

Көне түркілер ақша сөзін бұрыннан қолданған. Көне түркі сөздігінде ақша сөзі қазіргі мағынасында тіркелген және оның Енисей бойында табылған көне монетада тіркелгені жазылған. Мәселен, Енисей бойынан табылған көне қытай монетасында ақша сөзі жазылған. Археологтар табылған тиынның Таң империясына тән екенін әрі VIII ғасырға тиесілі екенін дәлелдеген. Табылған көне тиынның алдыңғы жағында төрт қытай иероглифы бар болса, артқы бетінде тоғыз символдан тұратын түркі тілінде сөйлем жазылған. Радлов 1895 жылы ол жазбаны Бең чаян бир ақша «Бең-Шаян, бір ақша» деп оқыған. Ал 1960 жылы лингвист Щербак оны Биң чығым ақша «мың шығын ақша» деп оқып аудару қажет екенін алға тартады. Қызласовтың тұжырымдамасына сәйкес Енисей жәдігері боп саналатын тиындағы жазуды Биң чи урум ақша «чеканные (кованые) деньги», – деп оқып аудару керек. Добродомов, болса, бұл көне жазуды Биң чи урум ақша «Тысяча чикилей (чигилей – монета)», – деп аударарды [4, 86]. Соңғы тиын деп аударған тұжырымдардан-ақ, ақшаның ең басында «күміс тиын, кіші күміс монета» деген валюталық мағынасы болған, қазіргі жалпы ақша деген мағынасы сол тиыннан келіп ауысқан деген ой келеді.

**Нәтижелер.** Түбі түркі ақша сөзінің түбірі «ағы» сөзі екендігі де айтылады. Мәселен алтаист ғалым Рамстедт ақша сөзінің түбірі «қазына» мағынасындағы көне ағы сөзі деп табады [12, 121]. Расында ағы ұғымы көне түркі жазба ескерткіштерінде «қымбат, бағалы дүние, асыл тастар; алтын әшекейлі бұйым; қымбат мата, таза жібек» мағыналарында қолданылған. Ағы сөзі ең алғаш Орхон жәдігері Күлтегін (731 ж.) ескерткішінде тіркелген: Табғач будун сабы сучиғ, ағысы йымшақ ермиш. Сучиғ сабын, йамшақ ағын арып, ырақ бодунуғ анча йағутыр ермиш «Қытай халқының сөзі тәтті, жібегі жұмсақ екен. Тәтті сөзімен, жұмсақ жібегімен арбап, жырақтағы халықтарды өздеріне жақындатады екен».

Ғалымдар жалпы қабылданған этимология бойынша «ақшыл, ақшылдау, ақша (ақ секілді)» мәнінен ауысқан деп айтады. Этимологиялық сөздік авторлары зерттеушілердің тұжырымдарын ескере отырып ақ сөзі ертеде күмісті білдіруі мүмкін дегенді алға тартып, әзербайжан тіліндегі ағ пул «күміс ақша» мысалын келтіреді [12, 120]. Сонда бұл этимология бойынша ақша дегеніміз сөзбе-сөз «күмістей (күмісше)» дегенді білдіреді.

Екінші жақтан алғанда, көнедегі күміс ақша немесе күміс тиынның түсіне ұқсастырып «ақша» термині пайда болған болса керек, яғни ақша деп о баста күміс монетаға ғана айтылған деп есептейміз. Мұның тағы бір дәлелі Анадолы түрік жазба мұралары мен түрік диалектілерінде акче сөзі «күміс тиын ақша» мағынасында қолданылады. Минусинск мұражайында сақтаулы көне қытай тиынындағы руна жазуында да ол сөздің (тысяча денежных единиц, монет) деп аударылуы ақшаның күміс тиын болғанын аңғартады. Сондықтан көнедегі күміс ақша немесе күміс тиынның түсіне ұқсастырып «ақша» термині пайда болған, яғни ақша деп о баста күміс монетаға ғана айтылған деп есептейміз. Қазіргі жалпы ақша деген мағынасы сол күміс тиыннан ауысқан болса керек.

**Қорытынды.** Сайып келгенде, ақша мағынасында қазақ тілінде аз сөз кездеспейді. Бірақ олардың бұрын басқа мағынасы болғаны қызықтырады. Мысалы тиын – «тиін терісі», пұл – «қымбат мата түрі», теңге – «күміс монета», сом – «алтын кесегі» сөздері басында басқа мағынада қолданылып, кейін «ақша» мағынасына ауысқан. Ақша сөзі де осылай басында ақ немесе күміс тиынға қатысты айтылып, ол тиынның қолданысы кеңейгеннен кейін жалпы ақшаны білдіре бастады. Осылайша қаржы атауларының көбі көне түркі тілінен келе жатқан өзіміздің төл сөздеріміз саналады. Олардың мағынасын түсіндіріп, тіл айналымына қайта кіргізбесек, дәлдір, бақыр, шақа, жармақ, елгей, сөлкебай, мір, жамбы, қойтұяқ, тайтұяқ, аққұйрық, күреш, т.б. көнерген сөздер сияқты ұмытылып кетуі ғажап емес. Олардың ұмыт болуына синонимдес сөздердің белсенді қолданылуы немесе кірме элементтердің де кірігуі әсер етеді. Мәселен, көне түркі дәуірінде үстем болған түркі ақша атауларын орта ғасырда араб-парсы мәдениеті және сауданың дамуымен бірге келген дирхам, динар, ділда, манат, пұл терминдері актив қолданысқа кіріп, төл атауларымызды қолданыстан ысыра бастаған. Олар да уақытпен ұмытылып, көбі кісі есімдерінде ғана сақталып қалды я болмаса басқа тілдерде ресми валюта атауы ретінде жасауда. Дегенмен солардың ішінде ақша, теңге, тиын терминдері суырылып шығып, тілімізде белсенді қолданысқа ие болды. Ал бақыр, шақа, жармақ атаулары бірте-бірте ұмытылып, историзмге айналууда. Мақалада айтылмай кетпей біз білмей қалған ауызекі тілде, жергілікті сөйленістерде айтылатын өзге де сөздердің кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Еліміз тәуелсіздігін жариялап теңге мен тиынға жаңа леп бергеніндей, өзге ақша атауларын да белгілі бір мағынада қайта актив лексикаға айналдыру мүмкін, мәселен жамбы атауы жамбы ату ойынынан кейін біліне бастады. Осындай тілдік реформалармен әлі де біраз сөздерді тірілтуге болар еді, өйткені көнерген атауларды зерттеу, олардың негізгі мағынасын түсіндіру арқылы жаңа сөз тудыру үшін де маңызды, бір ғана мысал: тілдегі диалектизмге айналған пұл сөзі айыппұл, жөргекпұл, өсімпұл секілді жаңа терминдердің құрамында қолданылып, әдеби тілімізге қайта кірді.

Қазақстанда ақшаның тарихы көне замандардан бастау алатынына қарамастан, қаржы терминдерін тілдік тұрғыдан зерттеу қолға алынбағаны назар аудартады. Зерттеу ең бастысы осыған мән беріліп, ақша атауларына жалпы лингвистикалық талдау берілді. Мақаладағы тілдік талдаулардың көбінде өзіміздің тұжырымдарымыздан бөлек ғалымдардың ұсынған әрі олардың ішінде шындыққа жанасады деп тапқан пікірлерін қолдаумен және ол талдауларға қосымша дәлел мысалдар берумен ғана шектелді. Басты мақсат – қазақ тіліндегі лексикалық қордың көнелігін көрсету, кірме сөз емес төл элементтер екендігін дәлелдеу, қаржы тарихының тамыры тереңде жатқанын көпшілікке жеткізу.

## Әдебиеттер

1. Özyetgin A. M. Eski Türklerde ödeme araçları: Kâğıt para çav'ın kullanımı // Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, 2005. №1. – S. 90-105.
2. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lügatit Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 995 s.

3. Sertkaya O.F., Alimov R. Eski Türklerde para. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2006. – 160 s.
4. Адилов М. Қазақ тіліндегі «тиын» сөзінің төркіні //Қарағанды университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 2021, №4 (104). – Б. 85-89. <https://doi.org/10.31489/2021Ph4/85-90>
5. Бабаяров Г., Асанов Е. Монеты Тохаристана с древнетюркскими титулами. *Turkic Studies Journal*. 2021. Т. 2. №3. – С. 7-27. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-3-6>
6. Құнанбаев А. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 696 б.
7. Құдайбердиев Ш. Шәкәрім шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
8. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 144 б.
9. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 384 б.
10. Кейкін Ж. 7777 мақал мен мәтел. – Алматы: Өлке, 2002. – 448 б.
11. Құрысжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского памятника XIII века тюркско-арабского словаря. – Алматы: Наука, 1970. – 234 с.
12. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков, I-VII. – Москва: Наука, 1974-2003.
13. Kurmanbaiuly S., Adilov M. İbragimov Z., Kazakça ağızlar sözlüğünde kayıtlı bazı eskicil sözcükler üzerine //Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN, № 73. 2022. – S. 151-190. <https://doi.org/10.32925/day.2022.78>

### М. АДІЛОВ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

## ЭТИМОЛОГИЯ И ОСНОВНОЕ ЗНАЧЕНИЕ НЕКОТОРЫХ ДЕНЕЖНЫХ ЕДИНИЦ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** В казахском языке было много слов, которые означали «деньги» или использовались как название валюты. Среди таких наименований денег слова такие как «алтын, күміс, ақша, теңге, тиын» до сих пор активно используются в казахском языке. Но валютное значение слов «алтын» и «күміс» со временем было забыто, а семантика драгоценных металлов сохранилась. Термин «теңге» вновь вошел в активный оборот языка после того, как это историческое слово было выбрано в качестве национальной валюты в 1993 году. Финансовые термины «пұл, сом, манат, бакыр, шака, жармақ, жамбы, күреш», стали историзмами. В том числе слова «бакыр, жамбы» приобрели новое и производное значение. Несмотря на то, что слова как «пұл, бакыр, сом» реже употребляются, но все же некоторые пожилые люди говорят слово «сом» вместо «теңге». В том числе слово «пұл» уже начала употребляется в составе новых терминов, таких как «айыппұл» или «өсімпұл» и так снова вошло в языковой оборот. Среди названий денежных единиц арабо-персидские слова, как «динар, дилда, дирхам, манат», также использовались в казахских степях. Сами они, хотя и вышли из употребления в качестве денег, но сохранились в девичьих именах как Динара, Дильда, Манат. В статье анализируются история употребления, семантический характер и происхождение терминов «теңге, тиын, ақша, сом, бакыр, пұл, шақа, ділда», встречающихся в произведениях Абая и Шакарима и используемых в тюркских языках, на основе древнего или средневекового тюркского письменного наследия и данных родственных и неродственных языков.

**Ключевые слова:** Абай, Шакарим, денежные единицы, сом, бакыр, тенге, тиын, пұл, шака.



M. ADILOV

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty. Kazakhstan

## ETYMOLOGY AND THE MAIN MEANING OF SOME MONETARY UNITS IN THE KAZAKH LANGUAGE

**Annotation.** There were many words in the Kazakh language that meant «money» or were used as the name of a currency. Among such names of money, words such as «altyn, kumis, aksha, tenge, tiyn» are still actively used in the Kazakh language. But the currency meaning of the words «altyn» and «kumis» was eventually forgotten, and the semantics of precious metals remained. The term «tenge» re-entered the active circulation of the language after this historical word was chosen as the national currency in 1993. The financial terms «pul, som, manat, bakyr, shaka, zharmak, zhamby, kuresh» have become historicisms. Including the words «bakyr, zhamby» have acquired a new and derivative meaning. Despite the fact that words like «pul, bakyr, som» are less often used, but still some older people say the word «som» instead of «tenge». In particular, the word «pul» has already begun to be used as part of new terms such as «aiyppul» or «osimpul» and so it has re-entered the language. Among the names of monetary units, Arabic-Persian words like «dinar, dilda, dirham, manat» were also used in the Kazakh steppes. Although they themselves fell out of use as money, they remained in maiden names like Dinara, Dilda, Manat. The article analyzes the history of use, semantic character and origin of the terms «tenge, tiyn, aksha, som, bakyr, pul, shaka, dilda» found in the works of Abai and Shakarim and used in Turkic languages, based on the ancient or medieval Turkic written heritage and data of related and unrelated languages.

**Keywords:** Abay, Shakarim, monetary units, som, bakyr, tenge, tiyn, pul, shaka.

### References

1. Özyetgin A. M. Eski Türklerde ödeme araçları: Kâğıt para çav'ın kullanımı [Paying tools in ancient Turks: the use of paper money çav], *Modern Türklük Araştırmaları Dergisi //Journal of Modern Turkic Studies*, 2005. No. 1. P. 90-105 [in Turkish]
2. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. *Divanu Lügatit Türk [Compendium of the languages of the Turks']* (Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2015, 995 p.) [in Turkish]
3. Sertkaya O. F., Alimov R. *Eski Türklerde [Para Money in Ancient Turks]* (Ötüken Neşriyat, İstanbul, 2006, 160 p.) [in Turkish]
4. Adilov M. Kazak tilindegi tiyin sozinin torkini [Etymology of the word `tiyn` in the Kazakh language], *Karagandy universitetinin khabarshysy, Filologiya seriasy [Bulletin of Karaganda University, Philology series]*, 2021. No 4 (104). P. 85-89 [in Kazakh]
5. Babayarov G., Asanov E. *Moneti Toharistana s drevnetyurkskimi titulami [Coins of Tokharistan with old Turkic titles]*. *Turkic Studies Journal*, 2021. Vol. 2. №3. P. 7-27. [in Russian] <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-3-6>
6. Kunanbayev A. *Abay shygarmalarynyñ bir tomdyk tolyq zhinagy [A complete one-volume collection of Abai's works]* (Korkem adabiyet, Almaty, 1961, 696 p.) [in Kazakh]
7. Kudayberdiyev Sh. *Shakarim shygarmalary [Shakarim works]* (Zhazushy, Almaty, 1988, 560 p.) [in Kazakh]
8. Doskarayev Zh. *Kazak tilinin zhergilikti erekshelikteri [Local features of the Kazakh language]* (Toraigyrov, Pavlodar, 2010, 144 p.) [in Kazakh]
9. Ondasynov N. *Parsy Kazak tusindirme sozdik [Persian-Kazakh Explanatory Dictionary]* (Kazakstan, Almaty, 1974, 384 p.) [in Kazakh]
10. Keykin Zh. *7777 makal men matel [7777 proverbs]* (Olke, Almaty, 2002, – 448 p.) [in Kazakh]
11. Kuryszhanov A. *Issledovanie po leksike starokipchakskogo pamyatnika XIII veka [A study on the vocabulary of the old Kypchak monument of the XIII century]* (Nauka, Almaty, 1970, – 234 p.) [in Russian]
12. Sevortyan E., and others. *Etimologicheskii slovar` tyurkskih yazikov [Etymological dictionary of Turkic languages]* (Nauka, Moskva, 1974-2003) [in Russian]

13. Kurmanbaiuly S., Adilov M. İbragimov Z., 2022. Kazakça ağızlar sözlüğünde kayıtlı bazı eskicil sözcükler üzerine. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN, 73. s. 151-190. [in Turkish] <https://doi.org/10.32925/tday.2022.78>

**Автор жайлы мәлімет:**

**Әділов Марлен Ерланұлы** – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Адилев Марлен Ерланович** – доктор философии (PhD), научный сотрудник Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

**Adilov Marlen Yerlanovich** – Doctor of Philosophy (PhD), Researcher of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.